

АЛМАТЫ. ҚазАқпарат - Алматыда Central Asia Fashion Autumn-2014 халықаралық күзгі сән көрмесіне 110 компания қатысты. «Бұл жоғарғы нарыққа шығуға талпынып жүрген жас сәнгерлерге берілген үлкен мүмкіндік. Мұнда түрлі тақырыптағы ерлер мен әйелдерге балаларға арналған сумка, аксессуар, кешкі киімдер қойылды», - деді Central Asia Fashion көрмесінің ұйымдастырушысы Арслан Метин. Көрменің ашылуына белгілі қазақстандық кутурье Құралай Нұрқаділова да өзінің ресейліктермен біріге жасаған В&К жаңа брендінің өнімдерін қойды. Модельердің айтуынша, бұл Қазақстан нарығындағы тұңғыш сапасы жоғары, бағасы қолжетімді люкс класындағы киімдер. Алматылықтар назарына өз өнімдерін қазақстандық модельерлер Vesna брендімен Ирина Арсланова, De Guise брендімен Наргиз Тәжібаева ұсынды. Аумағы 20 500 шаршы метр көрмеге барлығы 110 компания, 8 шетелдік қауымдастықтың өкілі қатысқан.

- **ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛЬЕРЛЕР МИЛАНДА**
Отандық сәнгерлер қазақ халқының ұлттық ою-өрнектерінің әдемілігін ашып, біздің мәдениеттің байлығын көрсетті. Тынымсыз еңбектің арқасында, әлемдік подиумды бағындырып, халқымыздың өнері әлдеқайда тартымды екенін дәлелдеді. Сән әлемінде ерекше көзге түсіп, мықты шеберлермен бәсекелеске түсті. Тіпті, музыкалық продюсерлер де сән әлеміне қызығушылық танытып, сағаттар топтамасын әлемге паш етті. Осы жайында «СӘН МЕН СЫМБАТ» бағдарламасында көріңіздер.

РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

MADE IN
KAZAKHSTAN KAZAKH TV





Той сәні 2017

KAZAKHSTAN FASHION WEEK
АСТАНАДА



Central Asia
Fashion



Сән әлемінің Айманы мен Шолпаны

Қазақстан нарығы отандық дара киім тігу саласынан кенде емес Эстрада өкілдері, кино әлемінің жұлдыздары отандық дизайнерлердің талғамына жүгінеді. Әлемдік ірі сән байқаулары да қазақстандық модельерлердің қатысуымен өтеді. Бұл жақсы үдеріс. Бүгінде сән саласында өз өніміңді ұсынып, бизнесті жолға қою оңай емес. Дегенмен, осы кәсіптің күрделілігіне қарамастан, сән мен сапаға ерекше ден қойып, жеке кәсібін ашқан апалы-сіңлілі Айман мен Шолпан отандық киім индустриясында өз орындарын еншілей алды. Жас болса да іскер, талантты қыздар қыз-келіншектерге эксклюзивті классикалық киім үлгілерін ұсынады.

